«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ

«АТАМҰРА»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

Коммунальное государственное
казенное предприятие
«АТАМУРА»

УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ И
РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

2025 ж « 31 » желтоқсан
Құлсары қаласы

ПРИКАЗ

№ 40
город Кульсары

Бланк серийлық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ болып табылады. Қызмет Бабына кажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады
Белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копий При служебной необходимости делаются в ограниченном количестве,
ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (Мәдени маңызы бар мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды) жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5,6-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мәдени маңызы бар мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды») сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 30 тармақшасында шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Беркалиева Г.К.:
– ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;
– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.
3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және МСТ Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік.

Басшы **Какпанбаев М.Е.**

000662

«Атамұра» КМҚК-на қор-сатып алу және қор-іріктеу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

«20» маусым 2025 жыл **Құлсары қаласы**

Қатысқандар: Г.Уткелбаева, Г.Қожахметова, А.Еркингалиева, Г.Сабирова, Г. Анкашова, А. Казбенова

КҮН ТӘРТІБІ

Музейге қор сатып алу және қор-іріктеу

Жылыой ауданы тұрғындарының жеке қолындағы музейге ақылы түрде тапсыруға ниетті төмендегі заттарды қарай келе комиссия төмендегідей **ҰСЫНЫС БЕРЕДІ:**

1. **Жез самаурын – 1 дана** *(Материалы жез, антикварлық өрнектер үлгісінде безендірілген. Жағдайы жақсы күйде сақталған. Сыйымдылығы 5 литр, алдыңғы жағында фабрика мөрі басылған, XX ғасырдың I-ші жартысына жатады. Биіктігі 46 см см. Ұсынушы иесі - 90 000 теңгеге бағалайды);*
2. **Төсекағаш – 1 дана** (*Материалы қайың ағаштан оюлап жасалған. Киіз үйге арналған тұрмыстық бұйым. XX ғасыр. Иесі – 300 000 теңгеге бағалайды).*
3. **Бойтұмар – 1 дана** *(материалы - күміс. XX ғасыр. Ортасы түтікше тәрізді ширатпа әдісімен жасалған,, шынжыр арқылы мойынға тағылады. Иесінің ұсынған бағасы - 200 000 теңге);*
4. **Құман – 1 дана** *(Құман - материалы қызыл мыс, оюмен өрнектелген. Шамамен XIX ғ сәйкес келеді. Ұзартылған тар мойнында дөңес, жақсы күйде сақталған. Иесінің сұрауы – 80 000 теңге);*
5. **Теру алаша – 1 дана** *(Қолдан теріп тоқылған теру алаша. Бір шетіне қазмойын, бір шетіне қоңыр өріс, сыңармүйіз оюлары терілген, шашақталған. Шамамен XX ғасырда тоқылған, күтімі жақсы сақталған, музейлік ұлттық құндылығы бар.. Иесінің сұрауы бойынша - 70 000 теңге)*
6. **Басқұр – 1 дана** *(Киіз үйдің ішін безендіру және таңуға арналған өрнекті жалпақ басқұр, түкті ою-өрнек салып тоқыған. Ұзындығы -16 метр, ені -30 см. Иесінің сұрауы – 250 000 теңге)*
7. **Сандық – 3 дана** *(Түсі қоңыр. Бетіне төртбұрышты пішінде көк, жасыл түсте қаңылтыр бедерленген. XX ғасырда жасалған. Күй орташа, реставрацияны қажет етеді. Иесінің сұрауы – 100 000 теңге);*
8. **Алаша – 2 дана** *(алаша - ұлттық ою-өрнектеліп, түрлі түсті нақышта тоқылған, таза, түр-түсі сақталған. XX ғасырда жасалған. Иесінің сұрауы бойынша екі затты – 150 000 теңге);*
9. **Мыс шәйнек – 1 дана.** *(материалы - мыс. Көлемді, 5 литрлік ыдыс. XX ғасырда жасалған. Иесінің сұрауы бойынша – 45 000 теңге);*
10. **Ат әбзінің әшекейі – 1 дана** *(Жылқының бас жүгенін безендіру мақсатындағы күміс және мыс материалдардан оюлап жасалған барлығы 24 дана жапсырма. Шамамен XX ғасырға жатады. Иесінің сұрауы – 45 000 теңге)*

Комиссия аталған жәдігерлерді музей қорына сатып алуға *(1 млн. 330 мың теңгеге)* сұраныс түсіруді сұрайды.

Комиссия төрағасы **Г.Уткелбаева**

Хатшы **Г.Кожахметова**